

БАС ҚҰЖАТТЫҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫН

Мемлекет үшін Президенттің әр Жолдауы үлкен міндеттер жүктейді. Жас пен жасамысқа да, билік басындағыларға да, жергілікті атқарушы органдарға да бас құжаттың бағдар болатыны айдан анық. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке жаңа тапсырмалар жүктеді. Алдағы уақытта аталған құжаттағы тапсырмаларды орындауға биліктің барлық тармақтары жауапты болмақ.

Жолдаудың әлқиссасын оның айрықша мәнінен бастаған Президент бұл құжаттың арқалар жүгі бір жылмен шектелмейтінін айтты. Сондай-ақ, көптеген табысқа қол жеткізілгенін атап өтті. Алайда береке-бірлігімізді сақтама-сақ, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін екенін де тілге тиек етті. Кезекті Жолдаудың келелі тұстары аз болған жоқ. Әсіресе соңғы жылдардағы Қазақстанның түбегейлі трансформациясы жолында жасалған оң өзгерістер бүгінде ел ішінде үлкен қолдауға ие. Түрлі саладағы ауқымды өзгерістердің дені бұқараның билікке айтылған базиналары негізінде жасалуда. Төменгі жалақының шекті деңгейінің өскені осының айғағы деп ойлаймын.

Расында, кез келген мемлекеттік даму жолында ұдайы өзгерістер орын алып отырған. Саяси реформалардың тарихи рөл ойнаған кездерін де жиі байқап жүрміз. Бұл бүгінгі жаһандық даму үдерісінің негізгі сипаттарына жатады. Қазақстан аталған замана ағымына ілесе алып жүр ме, жоқ па ол келешектің

еншісінде. Дегенмен мемлекет тарапынан жасалып жатқан игіліктердің көп ауқымы дамыған елдер қатарына қосылу бағытында жүзеге асып жатыр. Азаматтарымыздың білім алуы, әлеуметтік жағдайы, медициналық көмекпен қамтамасыз етілуі, ел ішіндегі тыныштық, азаматтарымыздың жұмыссыздық мәселесі қашанда алғашқы орында. Алайда бұл бағыттағы өзгерістерге ең әуелі саяси реформалардың әсері тиеді. Сондықтан саясаты сарабдал елдің ғана көсегесі көгереді. Президенттің жасап жатқан реформалары осыған бағытталғанын көріп отырмыз. Билік басындағылардың биліктілігі жоғары болып, ел басқару ісіндегі көрегенділігі көрініс тапса ел ішінде билікке деген сенім пайда болады. Жасалған өзгерістер де онынан болып, елдің әл ауқаты бір арнаға ойысады. Бұл қазақстандықтар күткен соны серпіліс.

Жолдаудағы назар аударған тағы бір тармақ елдегі құқық қорғау институттарын күшейту болды. Мемлекеттің басты капиталы адам екені білгілі. Ал олардың қауіпсіз өмір сүруі тек біздің мемлекет үшін ғана емес тұтас әлем үшін де маңызды мәселенің бірі. Адам құқықтарының конситуциямен қорғалуы жөнінде бірқатар мәселелердің барын айта келіп, Президент халықтың тыныштығын, құқықтарының қорғалуы мәселелерін оңтайландыратын жаңа заңдар қабылдау қажеттігін баса айтты.

Жолдаудың басты жаңалығы деп әкімшілік-аумақтық құрылымдарға енгізілетін жаңа өзгерістерді айтуға болады. Расында бұл өзгерістер тарихи тұрғыдан да халықтың тұрмысы жағынан да оңтайлы шешім болғанын аңғару қиын емес. Ха-

лықтың әлеуметтік желідегі пікірлерінен осыны аңғаруға болады. Көпшілік өшкені қайта жаңғырғандай күй кешіп, бұл өзгерістер Президенттің ең тиімді шешімдерінің бірегейі болып тарихта қалатынын жазды.

Мемлекет басшысының бүгінгі бастамалары өте ауқымды. Бұл бастамалар еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымын едәуір өзгертеді. Оны жүзеге асыру үшін Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу қажет. Сондай-ақ, жылдың соңына дейін тағы 20-дан астам заң қабылдау керек.

Қорыта айтқанда бұл Жолдаудың жүктегені аз емес. Бүгінгідей дағдарыс дендеп, әлемнің елең-алаң шақтарды бастан өткеріп тұрған мезетінде халықты бір арнаға ұйыстыру Мемлекет басшысы үшін де оңай шаруа емес. Оған біліктілік, тәжірибе, дипломатиялық дәлдік керек. Бұл тұрғыдан алғанда бүгінгі Жолдау халықтың көкейдегісін дөп басып, ірі өзгерістерге жол бастайды деген үміт бар. Педагог маман ретінде бұл өзгерістер ел жадында соны серпілістер кезеңі ретінде есте қалып, білім беру саласына да жағымды жаңалықтар легін әкеледі деген сенімдемін. Әсіресе жаңадан құрылатын өңірлерде бәсекеге қабілетті жоғарғы оқу орындары ашылып, ұстаздар арасында тәжірибе алмасу алаңы пайда болады деген болжамым бар.

Ақкенже ҮСЕНОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
Тарих педагогика
факультеті Заманауи
педагогика және
психология
кафедрасының
доценті